

## **Ертіс ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Павлодар облысы Ертіс ауданы Панфилов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 шілдеде № 6873 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Ертіс ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Панфилов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылының келесі көшелері:  
"Западная" көшесі "Самал" көшесі;  
"Строительная" көшесі "Ақсай" көшесі;  
"Целинная" көшесі "Нұрлыжол" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Панфилов ауылдық округінің әкімі*

*А. Карибаев*